

Іле ауданының әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 286 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәурдегі "Құқықтық актілер туралы" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" № 964 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының қосымшасына сәйкес Іле ауданының әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

Аудан әкімі

К. Медеуов

Іле ауданының әкімдігінің 2016 жылғы "21" шілде № 286 қаулысына қосымшасы

- 1) 2012 жылғы 7 желтоқсандағы "Іле ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмiлетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 11-1219 (нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 2254 тіркелген және 2013 жылғы 18 наурыздағы "Іле таңы" газетінің № 4 жарияланған);
- 2) 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" № 3-676 (нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 15 мамырда № 2355 тіркелген және 2013 жылғы 29 мамырда "Іле таңы" газетінің № 22 жарияланған);
- 3) 2013 жылғы 5 тамызда "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 7-1318 (нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 29 тамыздағы № 2425 тіркелген және 2013 жылғы 27 қыркүйекте "Іле таңы" газетінің № 39 жарияланған);
- 4) 2014 жылғы 12 мамырдағы "Іле ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы "Іле ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмiлетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 11-1219 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" № 5-410 (нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 30 мамырдағы № 2739 тіркелген және 2014 жылғы 13 маусымдағы "Іле таңы" газетінің № 25 жарияланған);
- 5) 2014 жылғы 20 маусымдағы "Іле ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды

ұйымдастыру туралы" № 6-676 (нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 11 шілдеде № 2770 тіркелген және 2014 жылғы 25 шілдеде "Елтаңы" газетінің № 31 жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ